



ЖҰМЫС САПАРЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ МАҒЖАНДЫҚТАРМЕН КЕЗДЕСІП, ХАЛЫҚ АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ



Кеше облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов ауданға жұмыс сапарымен келіп, мағжандықтармен кездесті. Сапар аясында оңір басшысы көптеміз егіс жұмыстарының барысымен танысып, диқандармен әңгімелесті. Сендай-ақ ел бірқатар нысандарды аралап, аудан дамуының өзекті мәселелерін талқылауға арналған халықпен кездесу өткізді.

Облыс әкімі алдымен «Нұрсен Агро» ЖШС алқаптарында ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен кездесіп, аудан әкімі Рахат Смағұлов өңір басшысын егіс науқанының барысы туралы хабардар етті.

Рахат Назымбекұлының айтуынша, биыл ауданда 438,3 мың га алқапқа егу жоспарлануда, оның ішінде 60,7 мың га - майлы дақылдар, 46,7 мың га - жемшөп. Ауа райының қолайсыздығына байланысты себу мерзімі 15 күнге дейін қысқарып отыр. Ауданның агроқұрылымдары мерзімге сай күніне орта есеппен 24,4 мың га алқапқа егіс егу қажет.

Ғауез Нұрмұхамбетов диқандармен әңгімелесу барысында ауа райына қарамастан, биылғы егіс науқаны ұйымдастырған және үйлесімді өтіп жатқанын атап өтті.

Барлық қарастырылған мемлекеттік қолдау шаралары нақты әрі уақытылы жұмыс істеп жатыр, бұл фермерлерге өндірістік міндеттерді орындауға көңіл бөлуге жақсы мүмкіндік береді. Майлы дақылдар алқаптарын ұлғайтуға ерекше назар аударылуда - өткен жылмен салыстырғанда олардың аумағы 86 мың гектарға өседі.

2025 жылы облыста барлығы 4,4 миллион гектар ауылшаруашылық жерлерін егу жоспарлануда, - деді Ғауез Торсанұлы.

Келесі нысан «Эталон-Маркет» автожанармай құю станциясы болды. Қазіргі заманғы жанармай құю станциясы жаңа жабдықтармен жабдықталған, сапалы отын мен қызмет көрсетудің жоғары деңгейін ұсынып отыр. Содан кейін облыс басшысы «Азия Woods» ЖШС ағаш цехының жұмысымен танысты. Оның басшысы Дмитрий Постовой кәсіпорынның жұмысына тоқталып, ағаш материалын, паллеттерді, «Pini-Kau» отын брикеттерін өндіретін серіктестікте 25 адам жұмыс істейтінін айтты. Қызметкерлердің орташа жалақысы 250 мың теңгені құрайды екен.

Облыс әкімі «Аққайың» балалар сауықтыру лагерінің демалыс маусымына дайындығын тексерді. Биыл лагерьді жөндеуге 80 млн теңгеден астам қаржы бөлінген. Барлық жөндеу шараларын аяқтау 30 мамырға жоспарланып отыр, сондықтан лагерь маусым айының басында балаларды қабылдауға толық дайын болмақ.

Өңір басшысына бұл күні жаңадан құрылған «Тазалық - 2025» ШЖҚ КМК

коммуналдық техникасы мен «Булаев орман шаруашылығы» КММ өртке қарсы техникасы көрсетілді. Жаңа кәсіпорын қызметінің басты бағыты - қауіпті емес қатты-тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару, абаттандыру, жолдарды күтіп ұстау. Сонымен қатар, Ғауез Нұрмұхамбетов «Таза Қазақстан» жобасы аясында қылқан жапырақты ағаштардың көшеттерін отырғызу акциясына қатысты. «Ноғайбай» ЖШС сатып алған 23 мың түп көшет 2,3 гектар жерге отырғызылатын болады.

Бүгінгі таңда ауыз су мәселесін шешу басым міндеттердің бірі болып қала береді. Успенка ауылында болған облыс әкімі сумен жабдықтау нысаны құрылысының барысымен танысты. Жоба сомасы - 195737,4 мың теңгені құрайды. Ғауез Торсанұлы одан әрі Сулышоқ ауылына барып, шағын орталықтың жұмысымен танысты. Сонымен бірге, ол Түркістан және Талдықорған облыстарынан қоныс аударған көпбалалы отбасылармен кездесіп, оларға естелік сыйлықтар табыс етті. Нүсіпов Асхат пен Ахаева Гүлнұрдың отбасында 17 бала тәрбиеленуде, олардың 10-ы асырап алынған. Нұрсейіт Нұркен мен Бейсебаева Сарагүл отбасында - 9 бала, оның ішінде 4

бала асырап алынған екен. Облыс әкімі Булаев мектеп-бөбекжай кешеніне барып, онда қайта жаңарту аясында күрделі жөндеу жоспарланған екен.

Сапар соңында өңір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов аудан жұртшылығымен кездесіп, онда аудан мен жалпы өңірді дамыту бойынша ағымдағы мәселелер мен жоспарларды талқылады.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов жүргізіліп жатқан жұмыстар мен ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жоспарлары туралы хабардар етті. Кездесу барысында Ғауез Нұрмұхамбетов жергілікті тұрғындардың сұрақтары мен ұсыныстарын тыңдады. Булаев қаласының тұрғындарын жазғы кезеңде су берудің кідірістері, жолдардың сапасы, көпөптерлі үйлерге арналған қазандықтардың құрылысы және тағы да басқа өзекті мәселелер толғандырды.

Кездесуде облыс әкімі көпбалалы аналар - Анастасия Клинская мен Наталья Шаманаваны «Алтын алқа» алқасымен марапаттаса, Елена Нарыгинаға, Лидия Бойкоға және Меруерт Құлымбетоваға «Күміс алқа» алқасын табыстады.

ЖАҢАРТЫЛҒАН «ЭТАЛОН МАРКЕТ» АВТОЖАНАРМАЙ ҚҰЮ СТАНЦИЯСЫ АШЫЛДЫ

20 мамыр күні Булаев қаласында аудан әкімі Рахат Смағұлов пен «Эталон Регион» ЖШС бас директоры Мәден Жұмағұловтың қатысуымен «Эталон Маркет» автожанармай құю станциясының салтанатты ашылуы өтті.

Бұл жанармай құю станциясы жаңадан салынды деуге болады. Сондықтан барша аудан тұрғындарын айтулы оқиғамен құттықтаймын. Бұл объект халық үшін аса қажет деп санаймын. Енді «Эталон Маркет» автожанармай құю станциясы халыққа жан-жақты сапалы қызмет көрсетіп, жүргізушілер үшін қолайлы болады деп сенемін, - деді Рахат Назымбекұлы нысанның ашылу салтанатында.

«Челябинк - Новосибирск» автожолының бойында орналасқан зама-

науи жанармай құю станциясы жаңа жабдықтармен жабдықталған, сапалы отын мен қызмет көрсетудің жоғары деңгейін ұсынады. Клиенттерге ыңғайлы болу үшін шағын маркет жұмыс істейді және жайлы демалыс аймағы қарастырылған.

Станцияны ашу - бұл қалалық инфрақұрылымды дамытудағы, жүргізушілерге қызмет көрсетуді жақсартудағы және жаңа жұмыс орындарын құрудағы маңызды қадам болып табылады.



ӘКІМДЕР САЙЛАУЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан, Полудин және Таман ауылдық округтерінің әкіміне кандидаттарды тіркеу жөніндегі Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5 бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы 2025 жылғы 15 мамырда өкім лауазымдарына келесі кандидаттарды тіркеді:

Мағжан ауылдық округі

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Лауазымы (қызметі), жұмыс орны, тұрғылықты жері, ұсыну тәсілі
Зиберт Юлия Александровна	1980	Жалпы мәселелер жөніндегі бас мамаң, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-сі, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Қарақоға ауылы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылады.
Тищенко Наталья Юрьевна	1993	Басшының орынбасары, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ-сі, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылады.

Полудин ауылдық округі

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Лауазымы (қызметі), жұмыс орны, тұрғылықты жері, ұсыну тәсілі
Женсагурова Гүлжан Серікқызы	1980	Ішкі саясат мәселелері жөніндегі бас мамаң, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ-сі, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылады.
Қонаев Рамазан Маулетайұлы	1987	терроризмге қарсы комиссиясының жұмысы бойынша аудан әкімінің кеңесшісі «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудан әкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылады.

Таман ауылдық округі

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Лауазымы (қызметі), жұмыс орны, тұрғылықты жері, ұсыну тәсілі
Кучерявая Наталья Сергеевна	1972	Экономика секторының меңгерушісі, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ-сі, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылады.
Смағұлова Жұлдыз Ақанқызы	1983	Салық басқармасы және өндіріп алу бөлімінің бас маманы, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» АММ-сі, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев, Булаев қаласы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылды.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан, Лебяжье, Полудин және Таман ауылдық округтерінің әкіміне кандидаттарды тіркеу жөніндегі Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5 бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы 2025 жылғы 16 мамырда өкім лауазымдарына келесі кандидаттарды тіркеді:

Мағжан ауылдық округі

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Лауазымы (қызметі), жұмыс орны, тұрғылықты жері, ұсыну тәсілі
Ботабекова Баян Жайдарханқызы	1977	Директор, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-сі «Сарытомар» мәдениет үйі, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы. «Respublica» партиясы» ҚБ ұсынылды.

Лебяжье ауылдық округі

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Лауазымы (қызметі), жұмыс орны, тұрғылықты жері, ұсыну тәсілі
Зағыпарова Эльмира Байзоллақызы	1990	Жалпы мәселелер жөніндегі бас мамаң, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Возвышен ауылы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылады.
Омарова Шырайлым Рысбайқызы	1985	Әкім, КГУ «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылы, «AMANAT» партиясы» ҚБ ұсынылды.
Умовист Елена Анатольевна	1975	Басшы орынбасары, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылады.

Полудин ауылдық округі

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Лауазымы (қызметі), жұмыс орны, тұрғылықты жері, ұсыну тәсілі
Қалиев Мәдениет Мәкенұлы	1964	Әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Полудин ауылдық округі әкімінің аппараты Мағжан Жұмабаев» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Полудино ауылы, «AMANAT» партиясы» ҚБ ұсынылды.

Таман ауылдық округі

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Лауазымы (қызметі), жұмыс орны, тұрғылықты жері, ұсыну тәсілі
Поляков Александр Юрьевич	1978	Тарих және математика пәнінің мұғалімі, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Таман мектеп-бөбейжай-балабақша кешені» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Таманское ауылы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылады.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20 бабының 12 тармағына сәйкес және Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің әкіміне кандидат Шырайлым Рысбайқызы Омарованың тіркелуіне байланысты және Мағжан ауылдық округінің әкіміне кандидат Баян Жайдарханқызы Ботабекованың тіркелуіне байланысты учаскелік сайлау комиссияларыда өзгерістер болды: тікелей бағыныстағы учаскелік сайлау комиссия мүшелерінің міндеттерін атқаруды тоқтатқандар орнына тағайындалды:

№222 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша

Лариса Петровна Иванконың орнына – Светлана Викторовна Корсакова.

№225 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша

Сәуле Нұрашқызы Әбілмәжинаның орнына – Салтанат Серікбайқызы Нұрмолдина.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ПОЛЯКОВ АЛЕКСАНДР ЮРЬЕВИЧ
ӨМІРБАЯНЫ



1978 жылы 9 мамырда СҚО Возвышен ауданы Таманское ауылында дүниеге келген.
Білімі - жоғары, 2006 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін тарих және география пәніндегі мұғалімі мамандығы бойынша, 2010 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік

университетін «Психология» мамандығы бойынша аяқтаған.
2018 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша, 2023 жылы Омбы мемлекеттік педагогикалық университетін «Оқу үдерісін басқару» мамандығы бойынша бітірген.

Қазіргі уақытта Таман ауылындағы «Таман мектеп-бақшасы кешені» КММ тарих, математика пәндерінің мұғалімі болып қызмет етеді.
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округінің әкіміне өзін-өзі ұсыну арқылы кандидат болып ұсынылып отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Менің Таман ауылдық округінің әкімі лауазымына сайлауға түсуім округ тұрғындарына нақты игілік әкелуге деген шынайы ниеттен туындады. Мен өзімнің барлық білімімді, тәжірибемді және көшбасшылық қасиеттерімді өзекті мәселелерді шешуге және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға жұмсауға дайынмын.
Егер мен округ әкімі болып сайлансам, өз қызметімді келесі басым мақсаттарға жетуге бағыттаймын:

- Зейнеткерлерді, мүгедектерді, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды қолдаудың әлеуметтік бағдарламаларын іске асыру;
- Жаңа жұмыс орындарын ашу, шағын және орта бизнеске көмек көрсету, жұмыссыздықты азайту;
- Елді мекендерді абаттандыру: ауылшілік жолдарды күрделі жөндеу және салу, көшелерді жарықтандыруды жақсарту.

қоғамдық орындарды дамыту;
• Халықтың сапалы ауыз суға тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз ету;
• Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, жергілікті денсаулық сақтау мекемелерін қолдау;
• Білім беру мекемелеріне қолдау көрсету, балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жағдайларды жақсарту;
• Мәдени және спорт инфрақұрылымын дамыту, жастардың рухани, патриоттық және дене тәрбиесі үшін жағдай жасау;
• Инвестициялар мен менсінаттар тарту, мұқтаж жандарға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету жүйесін дамыту;
Мен өз елімнің азаматы ретінде демократия принциптерін шынайы сенемін және оң өзгерістердің бір бөлігі болуды маңызды деп санаймын. Жергілікті билік мүмкіндігінше ашық, қолжетімді және халықтың сұранысына жедел жауап беруі

керек деп есептеймін.
Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен еліміз тұрақты даму, экономикалық өсуді қамтамасыз ету, бейбітшілікті, ұлттық пен әлеуметтік стандарттарды нығайту жолын жалғастыруда. Бұл қайта жаңарудың Таман ауылдық округі де белсенді қатысуы керек деген сенімдемін.
Менің жұмысым жауапкершілік, ашықтық және аудан тұрғындарымен тығыз қарым-қатынас жасау қағидаттарына негізделетін болады. Халықпен диалог арқылы гана тиімді шешімдер әзірленіп, нақты нәтижелерге қол жеткізуге болады.
Сіздердің қолдауларыңызбен біз бірлесіп отырып, Таман ауылдық округінің әрбір тұрғын үшін жайлы, заманауи және гүлденген мекенге айналдырамыз.

Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

ДИН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ»

ДИН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

130-дан астам ұлт пен 18-ден астам конфессия өкілдері тұратын Қазақстан Республикасында тұрақты және үйлесімді діни ортаны қалыптастыру мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.



Қазақстан зайырлы мемлекеттің қағидағдарын дәйекті түрде іске асырады, азаматтардың ар-ождан бостандығына құқықтарын құрметтейді және сонымен бірге қоғамдық қауіпсіздік пен конфессияаралық келісімді қамтамасыз етеді.

1. Діни бостандықтың кепілі.
- Қазақстан Республикасының Конституциясы - әрбір азаматқа дінде өз қозғарасын еркін айқындау, кез келген дінді ұстану немесе ешбір дінді ұстанбау құқығына кепілдік береді. Мемлекет кез-келген конфессияға артықшылық бермей, барлық тіркелген діни бірлестіктер үшін тең жағдай жасайды. Бұл қопұлтты және көпконфессиялы қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз етеді.
2. Мемлекеттің зайырлы сипаты.
- Қазақстан - зайырлы мемлекет. Бұл дегеніміз, дін мемлекеттен бөлініп, мемлекеттік органдар діни бірлестіктердің істеріне араласпайды. Сонымен бірге діни ұйымдар елдің заңдарын сақтауға және құқықтық өріс шеңберінде әрекет етуге міндетті.
3. Конфессияаралық және этносаралық келісімді қолдау.
- Қазақстан - діндер мен мәдениеттер арасындағы диалог идеяларын белсенді ілгерілетудің арқасында көптеген елдер үшін үлді болды. Еліміздің ұстанымын нығайтатын бейбіт диалогтың халықаралық платформасы ретінде Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көпбасшыларының Съезін өткізу жарқын мысалдардың бірі болып табылады.
4. Діни экстремизм мен радикализмге қарсы тұру.
- Мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі - азаматтарды деструктивті діни ағымдардың әсерінен қорғау. Радикалданудың мониторингін мен алдын алу, оның ішінде ақпараттық-ағарту жұмысы, рухани ағарту институттарын қолдау және дінтану білімін дамыту арқылы шаралар қабылданды.
5. Діни қызметті құқықтық реттеу.
- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң діни ұйымдардың жұмыс істеуінің құқықтық шеңберін айқындайды. Мемлекет дін саласындағы ашықтықты, айқындықты және заңдылықты көтермелейді, бұл ретте сенушілердің де, зайырлы азаматтардың да құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.
6. Дәстүрлі діндермен өзара әрекеттесу.
- Мемлекет Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы, православие шіркеуі, католик шіркеуі және басқалары сияқты дәстүрлі діни ұйымдармен белсенді өзара і-қимыл жасайды. Олар жастарды тәрбиелеуде, отбасылық құндылықтарды нығайтуда және әлеуметтік проблемалардың алдын алуда маңызды рөл атқарады.
- Қазақстандағы дін саласындағы мемлекеттік саясат зайырлылық, толеранттылық, теңдік және өзара сыйластық қағидағдарына негізделеді.
- Азаматтық бейбітшілікті, рухани келісімді нығайту және әрбір азаматтың діни сенімдеріне қарамастан оның құқықтарын қорғау басымдық болып қала береді.
- Бұл біздің ортақ Отанымыз — Қазақстанның орнықты дамуына, бірлігі мен өркендеуіне апаратын жол.

Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі.

ЖАСТАР - МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ НАЗАРЫНДА

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің кезекті Қазақстан халқына Жолдауында ел дамуының негізгі бағдарларын атап өтті: әділ Қазақстанды құру, зорың үстемдігін қалтамасыз ету, тәртіпті нығайту, тұрақты экономикалық өсу және қазғандық этикамен әлемсферасын қалыптастыру. Бұл тұрғыда жастарға елдің стратегиялық ресурсы ретінде ерекше назар аударылады.



Президент жастарды қолдау бір реттік шара емес, қазақстандықтардың жаңа буынын жан-жақты дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған жүйелі мемлекеттік саясат екенін атап өтті.

Шаралар мен Мемлекеттік бағдарламалар кешені Қазіргі уақытта Қазақстанда жастарды қолдауға бағытталған бірқатар мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда. Олардың қатарында «Жастар тәжірибесі» бар, ол түлектерге ақылы тағылымдамадан өтуге және алғашқы жұмыс тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы өңірлердегі жас мамандарды тұрғын үймен және көтерме төлемдермен қамтамасыз ете отырып, оларды жұмысқа орналастыруға ықпал етеді. Кәсіптік білім беруді дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді, мәселен, колледждер жаңғыртылып, дуальды оқыту нысандары енгізілуде, оқу орындарының жанынан технопарктер мен өндірістік кластерлер құрылуда. Мұның бәрі жастарға қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін өзекті дағдыларды игеруге көмектеседі. **Бастамалар мен кәсіпкерлікті қолдау** Үкімет гранттар, шағын несиелер және бизнес негіздерін оқыту арқылы жастар кәсіпкерлігін ынталандырады. «Жас кәсіпкер», «Бизнестің жол картасы» бағдарламалары, сондай-ақ «Даму» қорының қызметі жас қазақстандықтарға жаңа жұмыс орындарын құра отырып және экономикалық өсуге ықпал ете отырып, өздерінің стартаптарын іске қосуға мүмкіндік береді.

Азаматтық белсенділік және қатысу Мемлекет жастардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын үнемі жақсы қолдайды. Жастар ресурстық орталықтарының, қоғамдық кеңестерде және жергілікті атқарушы органдар деңгейінде жастар өкілдіктері жұмыс істеуі - соның айқын айғағы. Еріктілік пен азаматтық бастамалар жүйесі дамуда, диалог пен өзара сыйластық мәдениеті қалыптасуда. **Жастар - болашақтың басты капиталы** Білімді, мақсатты және патриоттық жастарсыз әділ Қазақстан құру мүмкін емес. Сондықтан мемлекеттік саясат еліміздің әрбір жас азаматы өз әлеуетін іске асыра алатын, Отанның дамуына үлес қоса алатын және ертеңгі күнге деген сенімді сезінетін жағдайлар жасауға бағдарландырылуда.

Мария ГАЛАЙДИНА, аудандық жастар ресурстық орталығы директорының м.а.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

КӨРНЕКТІ АҚПАРАТТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



маңдайшалары мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында «Тіл туралы» және «Жарнама туралы» Заңдарының талаптарын орындау мақсатында жүргізілген рейдтік шара барысында мемлекеттік мекемелер басшыларына, шағын және орта бизнес өкілдеріне сыртқы көрнекі ақпарат (жарнама) құралдарын әзірлеу барысында мәтіндерінің сауатты жазылуы мен орналасуы, қате жазылған жарнамалар мен маңдайша жазулары, ақпараттық хабарламаларда заң талабына сәйкес қалпына келтіру мәселелері бойынша ұсыныстар берілді. Дүкеншелердің көрнекі ақпараттары кепшілігі екі тілде ресімделген, бірақ заң бұзушылықтар да кездесті. Жарнама мәтіндерінің кейбірі орыс тілінде ғана жазылған болатын. Жекке кәсіпкерлер жасалған ескертулермен келісіп, бір ай көлемінде ретке келтірді. Оларға ұсынымхаттар табысталып, көрнекі ақпараттарын қайта ресімдеу кезінде мәтіндерінің дұрыстығын тексеруге әдістемелік көмек көрсетілетіні айтылды.

Көрнекі ақпарат құралдарына баннерлер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнама, баға көрсеткіштері секілді елдегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсер ететін маңызды құралдар жатады. Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазу талабы қазақ тіліндегі мәтіндердің сапалы жазылуына, орфографиялық қателерге жол бермеуге бағытталған.

1. Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерінің тең түпнұсқалы аудармасын сақтап отырып жазу талабы қоғамда екі тілде (қазақ және орыс тілдеріндегі) берілген мәтіндердің мағыналық, мазмұндық жағынан сәйкес келмеуі фактілерін жоюға бағытталып отыр.
- Көрнекі ақпаратты ашық кеңістікте және ғимараттар ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдармен қатар кез келген кәсіпкерлік субъектілері жүзеге асыра алады. Кәсіпкерлік субъектілері көрнекі ақпаратты өз өнімі мен қызметін ілгерілету құралы ретінде пайдаланады.
- Ал енді көрнекі ақпараттың адам үшін маңыздылығына тоқталсақ.
1. Ақпаратты тез қабылдау: Адам көру арқылы ақпараттың 80%-ын қабылдайды. Сол себепті визуалды материалдар деректі жөніл және жылдам меңгеруге көмектеседі.
2. Түсінуді жеңілдету: Күрделі мәліметтерді қарапайым графикамен немесе суреттер арқылы жеткізу оңай. Мысалы, статистикалық деректер диаграмма түрінде берілсе, оны салыстыру мен түсіну жеңілдейді.
3. Есте сақтау қабілетін арттырады: Көрнекті құралдар адамның есте сақтау қабілетін жақсартады. Визуалды бейне ұзақ уақыт бойы жағда сақталады.
4. Оқу процесінде маңыздылығы: Білім беру саласында көрнекі ақпарат оқушылар мен студенттердің оқу материалын тереңірек түсінуіне, қызығушылықтарының артуына әсер етеді.
- Сонымен бірге, көрнекі ақпарат білім беру, бизнес, медицина, көлік және тағы да басқа салаларда кеңінен қолданылады.
- Осыған орай, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мамандары «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21 бабына сәйкес, мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтуға Булаев қаласында көрнекі ақпарат құралдары және жарнамалардың, нысан атауларының дұрыс жазылуына мониторинг жұмыстарын жүргізді.
- Заңның бұл бабы, деректемелер мен көрнекі ақпараттың мәтіндері орфография нормалары мен мәтіннің теңтүпнұсқалы аудармасы сақтала отырып жазылуын қарастырады. Мемлекеттік емес ұйымдардың

Сондай-ақ кәсіпкерлерге Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 75 бабында ҚР Тіл туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық көзделгені және 455 бабында Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар қарастырылғаны ескерілді. Осы бағыттағы жұмыстар бұдан әрі қарай жалғасын табатын болады. Жалпы кез келген адам мемлекеттік тілдегі мәтінді немесе ескізді келісу үшін Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56 үй, 2 қабат мекен жайы бойынша және mzh-ov@mail.ru электрондық поштасы арқылы жүгінеу немесе 2-20-90 телефонына хабарласуына болады. Сөз соңында айтарым, көрнекті ақпарат – қазіргі ақпарат газырында маңызды құрал. Ол адамдарға ақпаратты жылдам түсінуге, есте сақтауға және тиімді шешім қабылдауға көмектеседі. Сондықтан кез келген салада ақпаратты жеткізуде көрнекті тәсілдерді тиімді пайдалану – уақыт талабы. Ал оның дұрыс жазылуы – үлкен жауапкершілік. **Гүлден ЫБЫРАЕВА, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тілдерді дамыту бойынша бас маманы.**

С 21 МАМЫР – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ЕҢБЕГІ ҚАШАҢДА ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗ АЛДЫНДА

21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның мәліматтығы бойынша елімізде 7 600 мәдениет мекемесі жұмыс істейді. Атап айтқанда, 3 890 кітапхана, 57 театр, 231 арена, 276 музей, 2 994 мәдени-демалыс орталығы, 113 концерттік, 36 концерттік ұйым және 4 цирк бар. Сонымен қатар 58 мыңнан астам талант қызмет атқарады екен. Бүгін біз откен жылы күрделі жолдармен өтті, нәтижеліге берілген мәдени ошақ – Қарақоға ауылдық мәдениет үйі жайлы, нақтырақ айтсақ, еттің басымыз Жұлдыз Марғұланың Сәрсенбаева туралы сөз етесіңіз.



Жұлдыз Марғұланың бұл өнер ұжымына 2024 жылдың 4 шілдесінен бастап жетекшілік етеді. Бүгін күнге дейін ол белсенді қызмет атқарып, облыста ерекше көзге түскен. Енді осы күні Астана қаласында өтіп жатқан «Рухани қазына - 2025» республикалық фестивалде бақ сынауға мүмкіндік алып отыр.

Жұлдыз Сәрсенбаеваға қысқаша тоқталып өтсек, ол 1991 жылы 26 қыркүйек күні Булаев ауданы Мичурино ауылында дүниеге келген. 1999-2000 жылдар аралығында Полтава орта мектебінде білім алып, 2010-2012 жылдары Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жанындағы көпсалалы колледжде заңгер мамандығы бойынша оқиды. 2014-2019 жылдары аралығында Мәскеу қаласындағы Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің тәмамдап, жоғары білімді заңгер атанады.

Еңбек жолын Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының заңгері болып бастап, Петропавл қаласында ішкі істер басқармасында инспектор қызметін атқарады. Сондай-ақ ол Петропавл қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінде инспектор болып жұмыс істейді.

Отбасы жағдайына байланысты 2016 жылы Булаев қаласына қоныс аударған Жұлдыз Марғұланың аудандық Мәдениет үйі директорының мәдени демалыс қызметі жөніндегі орынбасары болып тағайындалып, өзінің көптен бері армандаған мәдениет саласындағы еңбек жолын бастайды. Бала

көзінен атына заты сай «жұлдыз» болуды армандаған кейіпкеріміз сахнада өзін «суда жүзген балықтай» сезініп, мағжандық көрермендердің алғысына бөленеді.

Алғыр әрі қайсар мінезімен ерекшеленген Жұлдыз Сәрсенбаева 2023 жылдың 1 наурызынан бастап 1 желтоқсанына дейін «Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің көркемөнерпаздар халық шығармашылығы және бос уақыт қызметі орталығы» МКҚК директорының міндетін атқарып, өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындауға тырысып бағады.

Осылайша, оған өткен жылы Қарақоға ауылдық округінің әкімі Жанболат Мұқашевтан жергілікті Мәдениет үйін басқару ұсынысы түсіп, ой-ойлабастан жаңа қызметке құлшыныспен кіріседі. Мәселен, ол бірден жанына мәдениет саласына жан аштын нағыз мамандарды тартып, қарақоғалықтардың игілігіне жұмыс істей бастайды. Бір жылға жуық қызметінде бұл жоғары көрсерменнің кезайтына айналып, жоғары жетістіктерге жетіп отыр.

Мәселен, Қарақоға ауылында алғашқы рет Булаев қаласы мен 6 ауылдық округті тарта отырып, «Holi – day» бояу фестивалі мен retro fest фестивалі өткізілді.

Сонымен бірге, Ұлы Жеңістің 80-жылдығына арналған «I am Singer KARAKOGA» атты ән байқауы ұйымдастырылды.

Қазақстан халқының бірлігі күні мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30-жылдығына орай, концерттік бағдарламалар қызықты өтіп, көрерменнің көңілінен шықты.

Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары аудандың әртүрлі ауылдық округтерінде барып, концерттер беріп келеді. Осылайша, бұл Мәдениет үйі барлық ауылдық округтердің тартымдылық орталығына айналып отыр.

Біздің мәдени ошақ тұрақты негізде аудандық және ауылдық деңгейде тәжірибе алмасып, әртүрлі семинарларға қатысып келеді. Өз жұмысымызда біз үнемі жаңашылдықтарға жол ашып, әр іс-шараны өзгеше өткізуге тырысамыз.

Мәселен, көвестер, тарихи кештер, ашық тақырыптық дискотекалар, театр қойылымдары, ұлттық ойындар, барлық жастағы сулулық байқаулары, Жаңа жылдық мерекелер, әртүрлі стильдегі тақырыптық кештер өткізіледі.

Сонымен қатар, «Адамдар туралы, ауылдың еңбек әулеттері туралы» және «Ұрпақтар байланысы» айдарлар ашылып, ауыл өмірі туралы фотокеңелер, СӨБ бойынша іс-шаралар тұрақты негізде өткізіледі.

Мен Instagram және фейсбук парақшаларын белсенді түрде жүргіземін. Аудандық «Мағжан жұлдызы» және «Вести» газеттерінде жетістіктеріміз жайлы мақалалар жариялап тұрамыз. Биыл ұлттық спорт түрлерінен біздің округте ке ауқымды спорттық іс-шара ұйымдастырылып, аудан әкімі Рахат Смағұлов ұлттық спорт түрлері бойынша аудандық спартакиаданы дайындауға және ұйымдастыруға белсене қатысқаны үшін Қарақоға Мәдениет үйіне сый ретінде «LED экран» табыс етті, - дейді Жұлдыз Марғұланы.

Шынымен де, осы аз уақыт ішінде бұл мәдениет мекемесінде «Асыл домбыра» домбырашылар аспаптық ансамблі құрылып, онда 10 адам өнер көрсетеді екен. Соңғы жылдары ақындығымен әрі затыскерлігімен көзге түсіп жүрген дүйсекелік Самат Оралов домбыра үйірмесіне көркемдік жетекшілік етіп, атпасына 3 рет сабақ береді.

Қарақоға ауылында атақты «Легион» би ұжымы ауылда үлкен бір топ және екі кіші топ құрып, балаларға би үйретуде. Осы аралықта балалар Петропавл қаласында өткен халықаралық және республикалық «Би энергиясы» және «Барлығымыз бірге билейміз» атты байқауларында екі рет 1-ші және 2-ші дәрежелі лауреаттар атанып үлгерген.

Сонымен қатар, 9 адамнан тұратын және орыс тілінде өнер көрсететін «Қарағужинка» ерекшелік вокалдық тобы құрылыпты. Қазір қазақ тілінде өн шырайтын вокалдық топ құрылу үстінде екен.

Сондай-ақ «Перспектива» фото-кино студиясының жұмысы ұйымдастырылып, барлық іс-шараларға үйірме тәрбиеленушілері сурет және бейне түсіріліп жүргізіп келеді.

Бұл Мәдениет үйі 30 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істемей тұрғаны еді. Әрине, оңай болған жоқ. Дегенмен, мәдениет саласында еңбек еткен 7-жылдық тәжірибем үлкен көмек болды. Ең алдымен, мәдени ұйымдастырушыларым - Мансия Тұрлыбекова мен Татьяна Курьянова, дыбыс режиссері - Наби Ғалымбекке айтар алғысым шексіз.

Мен күнделікті жұмысымда барлығымен өзара әрекеттесуге тырысамын. Мәдениет үйіміз - ардагерлер кеңесімен, мектеппен, дәрігерлік амбулаториясымен, бөбекжаймен және кітапханамен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Концерттерге Алтын дән округінен Татьяна Ахтырская, Александр Гаммершидт, Булаев қаласынан Лидия Бенц, Любовь Николаева, Константин Павлов, Қарақоға орта мектебінен ұлағатты ұстаздар Самат Оралов, Горбашова Инна, Самат Қожахметов, «Эстетика» шоу балетінің жетекшісі Валерия Дускен, «Легион» би мектебінің жетекшісі Бекет Құдайбергенов белсенді қатысып келеді.

Сондай-ақ, өрине, ауылдық округ әкімі Жанболат Мұқашевтың қолдауынсыз ешқандай іс-шара жоғары деңгейде өтуі екіталай еді. Жанболат Хазезұлдың зор қолдауын сезініп, бірамыз көз келген шараға белсене қатысып, жан-жақтан атсалысымыз.

Содан болар, біздің өткізетін концерттік бағдарламаларымызға қарақоғалықтардан бөлек, көршілес жатқан ауылдардың тұрғындары қызға келеді, - дейді Қарақоға ауылдық Мәдениет үйінің директоры.

Семинар-практикумдарға белсене қатысқаны үшін сертификаттармен, «Жақсы көңіл-күй шебері» ойын бағдарламаларын жүргізетін мәдени ұйымдастырушылар байқауы аясында «Концерттік бағдарламаларды жүргізушілер» облыстық байқауында жоғары орындаушылық шеберлігі үшін 1-ші дәрежелі лауреат атанған. Сондай-ақ Жұлдыз Сәрсенбаева мәдениет саласына қосқан үлесі үшін аудан әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатына, көсібілігі мен құзыреттілігі үшін әртүрлі ұйымдардың басқа да көптеген марапаттарына ие болған көркемөнерпаз.

Мәдениет пен өнер – қоғам дамуының негізгі қажетті саласы. Мәдениеті мен өнері еркендеген қоғам өр уақытта ілгерілеп, алға дамиды. Ендеше, ауылдың мәдени өміріне өзінше бір дем беріп, жарқын іс-шаралардың ұйытқысы болып, ауылдастарына мереке мен көтеріңкі көңіл күй сыйлап жүрген Жұлдыздай жандарға тек мерейлеріңіз үстем, дендеріңіз сау болып, шығармашылықта үлкен табыстарға жете берулеріңізге және аудан мәдениетін дамыту жолындағы еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер демеңкіз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

КІТАП ОҚИТЫН ЕЛ ҒАНА АҚЫЛДЫ ҰЛТҚА АЙНАЛАДЫ

Елімізде 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні болып бекітіліп, кәсіби мереке ретінде 2013 жылдан бері аталып келеді. Бұл – шығармашылық адамдарына деген айрықша құрметтің белгісі және әрбір мәдениет қызметкері үшін ерекше күн. Мәселен, жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеп отырған мәдениеттің бір саласы – кітапханашылар да бұл күні құрметке бөленеді. Осыған орай, біз бүгін өз ісінің білгірі саналатын әріптесіміз, Чистов ауылдық кітапханасының кітапханашысы – Сәуле Төлеуқызы Жақсымбетова жайлы әңгімелекпіз.

Сәуле Төлеуқызы 1971 жылы 1 қазанда дүниеге келген. Мектепті сәтті бітірген соң, ол Петропавл қаласындағы «Сана» колледжінде арнайы орта білім алады. «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша диплом алған жас маман сол уақыттан бері өскелең ұрпақты кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеуге, олардың қызығушылығын арттыруға, талғамына, таңдауына, қажетті тақырыптарын тауып беруге, едәбіеттерді іріктеуге көмек көрсетуге, оқуға деген көзқарасын оятуға атсалысып келеді.

Өрине, бұл көз келген кітапханашының тікелей міндеті саналады. Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін, бірақ дүйім оқырманды кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан-теңіз. Олар білім, ғылым, өнер мен мәдениетті дамуына өлшеусіз үлес қосып, өркеніетті елге айналдырудың негізін қалауда.

Сан түрлі мамандықтар бар, бірақ кітапханашы мамандығы өзінің өте қызықты да, тартымдылығымен ерекшеленеді. «Мен кітапхананы ақыл – білім, адамгершілік ордасы деп білемін. Ал

кітапханашыларды ешқашан жоғалмауға тиісті сол асыл қазынаның сақшылары санаймын», - деп жазушы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев айтқандай, біздің кітапханашылар кітапханаларға кірген әрбір оқырманға білім шуағымен қатар, көңіл шуағын да шашып, мейірімді жүздерімен өздеріне бірден баурап алады.

Дәл осындай қасиеттерге ие Сәуле Жақсымбетова - өте еңбекқор жан. Ол үнемі білімін жетілдіріп, көп кітап оқиды. Сонымен қатар, өз жұмысына жаңа идеялар енгізіп, заман ағысына сай, оқырмандармен ерекше байланыс орнатуға тырысады. Осылайша, ол кітапхана – жайғана кітап сақталатын орын ғана емес, мәдени-ақпарат орталығына екенін паш етуде.

«Жақсы кітап – жан азығы» демекші, мен үнемі ауылдастарымды кітап оқуға шақырамын. Кітап оқуға деген қызығушылықты ояту үшін алдымен ең әуелі ата-ана, өзі кітап оқуы керек. Отбасында кітап оқу туралы әңгіме айтылмаса, баланың кітап оқып көтуі қиын. Бала ата-анадан көргенін істейді. Ол алдына қойған кітапты бірден оқып кетпейді. Ата-ана баласын кітапханаға жетеліп өкелуі керек. Әрі баласына алған кітапты ата-ана өзінің оқып алғаны дұрыс. Содан кейін баланы



маңызды бағыттарының бірі - кітапхана қабырғасында білім беру іс-әрекетінің әртүрлі формаларын ұйымдастыру. Ол кітап көрмелерін, тақырыптық акцияларды, әдеби бенефистерді және оқуға және кітапқа қызығушылық тудыруға бағытталған басқа да іс-шараларды ынтамен өткізеді. Бұл оқиғалардың артында тек кәсіби міндеттерді орындау ғана емес, шынайы қатысу, өр келуіне қажетті қамқорлық жасау, оқырмандардың қызығушылықтары мен жасына мүқият қарау сияқты мәселелерге үлкен мән береді.

Сәуле Жақсымбетова – сүйікті мамандығына деген қызығушылығын паш ете отырып, үнемі аудандық және облыстық байқауларға қатысып тұрады. Мәселен, 2024 жылы ол көпжылғы адал еңбегі мен кітапхана ісіне деген жанышарлығы үшін ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының грамотасымен марапатталды.

Иә, қандай марапатқа ие болса да кітапханашының еңбегі - мемлекеттің дамуы, өркендеуіне өте қажет мамандық екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Кітап бетінде ұлы ұстаздардың кемелгерлік ойлары, даналық сөздері, есиеттері тайға таңба басқандай жазылып қалды. Ал сол тарихтың асыл қазынасын жинап, сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін орын кітапхана болса, насихаттаушы – кітапханашы.

Ендеше, білім бұлағының қайнар көзі – кітапханалар сарқылмай, өрлеп, өркендей берсін, ал мәртебелі мамандық иелері оқыған құрметке бөленіп, еңбегі лайықты бағалана берсін дейміз.

Махаббат ФАЙЗУЛИНА,
аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің әдіскері.

қызықтырып, бірге оқығанда, баланың кітап оқуға деген ынтасы пайда болады, - дейді ауыл кітапханашысы.

Сәуле Төлеуқызының тағы да бір ерекше қасиеті – өр іске шығармашылықпен келеді. Ол өткізген әрбір мәдени-бұқаралық іс-шара қызықты әрі оқырман үшін пайдалы өтеді. Ол мектеп ұстаздарынан бастап, оқушыларға дейін және қарапайым халықпен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Яғни, ауыл тұрғындары кітапханаға қызға келеді. Әсіресе, мектеп жанындағы интернаттың тәрбиеленушілері кітапхананың басты қонақтары деуге болады.

Біздің әріптесіміздің жұмысындағы

ЖАҢА ЖИНАҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ

16 мамыр күні аудандық орталық кітапханада «Лодвигус Жит в бегах» атты жаңа кітаптың тұсаукесері өтті. Еңгі субекке Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары Әсеті күніне арнап жазған әдеби шығармалар енесі. Еңгі басшыы «Лодвигус» әдеби-шығармашылық клубының 15-ші мерейтойлық жинағы болып табылады, оның жетекшісі - Татьяна Георгиевна Егорова.

Аталған іс-шараға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы О.Ш. Сағандықов, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Л.М. Егорычева және оның мүшелері, кітапханашылар мен оқушылар қатысты.

Сондай-ақ жинақтың тұсаукесеріне Ұлы Жеңістің 80-жылдығына арнап жазған шығармалар авторлары Н. Штыкова, К. Овчинникова, Д. Тоқтарбаев қатысып, тілек лебіздерін білдірді.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағандықов құттықтау сөз сөйлеп, аталмыш жинаққа аудандық байқаудың 1 кезеңінде үздік атанған шығармалар енгенін тілге тиек етті.

Іс-шара барысында кездесуге қатыса алмаған авторлардың бейнесуреттері көрсетіліп, кітапханашылар библиографиялық шолу жасады.



ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

«АҚҚАЙЫҢ» ЛАГЕРІ БАЛАЛАРДЫ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТКІЗУГЕ ШАҚЫРАДЫ

Қымбатты балалар мен құрметті ата-аналар!

Жаз – бұл шытырман оқиғалар, жаңа достар және жарқын есте қаларлық әсерлер уақыты!

«Аққайың» балалар лагері 9-16 жас аралығындағы балаларды көңілді, шығармашылық және белсенді демалыс атмосферасында ұмытылмас демалыс өткізуге шақырады!

Балаларды не күтіп тұр:

- Таза ауа, жасыл қайың тоғайлары және жайлы лагерь алаңы;

- Қызықты квесттер, ойындар, спорттық жарыстар;

- Тақырыптық ауысымдар, шеберлік сыныптары және кешкі шоулар;

- Жылы, мейірімді атмосфера және қамқор көрсететін тәлімгерлер;

- Қауіпсіздік және жайлылық.

«Аққайың» лагерінде әрбір бала өзінің талантын ашып, жаңа достар тауып, жазды жарқын және көңілді өткізе алады!

- Ауысым 2025 жылдың 16 маусымынан басталады.

- Лагерь: Мағжан Жұмабаев ауданы, Чистовское ауылының жанында орналасқан.

- Телефон арқылы жазылу және мәліметтер:

- Сапарбаев Асылбек Пулатбайұлы (білім бөлімінің әдіскері) – 87082061165;

- Ортамышев Мұрат Жұмабайұлы (лагерь директоры) - 87053163432.

РОБОТОТЕХНИКА

ЖАС РОБОТОТЕХНИКТЕРДІҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ



17 мамыр күні Петропавл қаласының «Digital Uraq» Оқушылар сарайында «ҚазРоботикс» спорттық робототехника бойынша республикалық федерацияның облыстық іріктеу жарысы өтті.

Аталмыш жарысқа ауданнан С.Г. Суханов пен Е.Ж. Толпышевтің жетекшілігімен Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары мен «ALTYN URPAQ» балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығының тәрбиеленушілері қатысып, аудан намысын абыроймен қорғады.

«Робосумо - бастапқы модулі бар шағын 10x10» күрделі санатында 1-ші орынды құрамында Тилаганов Жандос пен Атиев

Матвей бар Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары жеңіп алды. Енді бұл балалар республикалық жарыста облыс намысын қорғайтын болады. «ALTYN URPAQ» балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығының тәрбиеленушілері Фалиақпаров Диас және Волков Никита сынды жас дарындардан құралған команда 2-ші орынды иеленді.

«Роботрейс» санатында Батыр

Баян атындағы мектеп-гимназиясының 7 «Б» оқушылары ерекшеленді, мәселен, Кулик Данил мен Ташметов Рустам тартысты сайыста 2-ші орынды жеңіп алды. Оларға жеңіске жету үшін небәрі 0,2 секунд жетпей қалды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді лайықты марапаттарымен құттықтаймыз және барлық қатысушылар мен тәлімгерлерге еңбегі, ынта-жігері және командалық рухы үшін алғыс айтамыз! Ал Жандос пен Матвейге республикалық кезеңде сәттілік пен жеңіс тілейміз!

ФУТБОЛ

МАҒЖАНДЫҚ ФУТБОЛШЫЛАР АҚТЫҚ СЫҢҒА ШЫҚТЫ



16-18 мамыр аралығында Фабит Мүсірепов ауданы Новошмисское ауылында «Ақ Бидай – 2025» облыстық жазғы спорт мерекесі аясында футболдан аймақтық жарыстар болып өтті.

Біздің құрама команда бұл жарыстар барысында Уәлиханов ауданы, Фабит Мүсірепов және Шал ақын аудандарымен кездесіп, лайықты өнер көрсетті.

Үш кездесу өткізген мағжандық аяқдошылар жарыс қорытындысы бойынша Тайынша қаласында өтетін «Ақ Бидай – 2025» облыстық жазғы спорт мерекесінің финалы-

на шықты. Осыған орай, біз барлық футболшыларды тамаша нәтижесімен құттықтап, финалдық ойындарда сәттілік пен жеңіс тілейміз!

Қанат МҮСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ



ЖАС БАЛУАНДАР ОБЛЫС ЧЕМПИОНАТЫНАН ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Мамыр айының 16-17-ші жұлдызы аралығында Тимирязев ауданында 2012-2013 жылы туған жасөспірімдер арасында қазақ күресінен облыс чемпионаты өтіп, оған Мағжан Жұмабаев ауданы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері қатысты.

Облыс чемпионатында қазақ күресінен жаттықтырушы-оқытушы Амангелді Бәкіров баптайтын жас балуандар бақ сынап, жүлделі орындарға ие болды.

Мәселен, 26 кг салмақ дәрежесінде белдескен Тәңіберген Абу-харис пен 35 кг салмақта өнер көрсеткен Өтемурад Ринат облыс чемпионы атанып, Қазақстан Республикасының чемпионатына жолдама ұтып алды.

38 кг салмақта күрескен Хазиев Артур күміс медальды иеленсе, 29 кг салмақта Тортабай Мағжан, 38 кг салмақта Әміржан Әлішер және 46 кг салмақта Сәрсен Әбілмансұр қола медаль иегерлері атанды.

Алдағы уақытта облыс намысын қорғап, республика деңгейінде өнер көрсететін жас балуандарға сәттілік пен жеңіс тілейміз!

Ермек ИСМАҒҰЛОВ,
БЖСМ басшысы.

EGOV MOBILE ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІҢ ЖАРИЯ БОЛУЫН ТЕКСЕРЕТІН СЕРВИС ПАЙДА БОЛДЫ

Енді eGov мобильді қосымшасының пайдаланушылары өздерінің деректерінің қауіпсіздігін жаңа Nomad Guard мобильді сервисі арқылы тексере алады. Сервис барлық азаматтарға қолжетімді және ықтимал қауіптерді іздеу үшін күдікті сілтемелер мен веб-сайттарды тексеру арқылы жеке деректердің бұзылуын оңай анықтауға мүмкіндік береді.

Сауалнамаға қатысқандардың шамамен 53%-ы жеке деректерін интернетте тапқанда қайда бару керектігін білмейтінін мойындады. Мұндай деректер соңғы уақытта 50 мыңнан астам адам қатысқан eGov мобильді қосымшасындағы онлайн сауалнамадан анықталды. Тек 62% сенімді түрде жария болу жағдайында қалай әрекет етуді білетіндерін айтты.

31%-дан астамы фишингтік сілтемелердің не екенін түсінбейді — онлайн алаяқтардың негізгі құралдарының бірі. Тек әрбір бесінші адам фишингтік нақты веб-сайттардан ажырата алады.

Осыған қарамастан, 92% «банк қызметкерлеріне» SMS кодтарын бермейтінін айтты, бірақ 8%-ы әлі де қате жіберуі мүмкін. Пайдаланушылар ешқашан өз паролдерін өзгертпейді және тек мәселе туындаған жағдайда ғана өзгертеді. Респонденттердің жартысынан астамы күдікті хабарламаларға тап болды.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, көптеген адамдар қазірдің өзінде онлайн алаяқтық әрекеттеріне тап болса да, көпшілігі әлі де сандық сауаттылыққа ие емес және өз деректерін қалай қорғау керектігін білмейді. Бұл Nomad Guard сияқты қызметтердің іске қосылуының қажеттілігін көрсетеді.

Nomad Guard сервисінде белгілі бір сілтемелерді және пайдаланушы жиі жұмыс істейтін сайттарды тексеруге болады. Бұл үшін тиісті жолаққа сілтеме немесе веб-сайт адресін енгізіп, «Тексеру» түймесін басыңыз. Тексеру нәтижелері біраз уақыт алуы мүмкін, және олардың күйін бақылау үшін, «Менің тексерулерім» қойындысына өтіп, соңғы нәтижені көруге болады.

Сервистің басты бетінде деректердің бұзылуына себеп болған сайттар туралы ақпарат, сондай-ақ бұзылған деректердің көлемі көрсетіледі. Деректер санын басу деректердің толық тізімін көрсетеді. Сондай-ақ, пайдаланушылар арнайы форманы толтыру арқылы күдікті әрекеттер туралы хабарлай алатын «Алаяқтық» қойындысы қарастырылған.

Сервисті пайдалану үшін пайдаланушы:
- eGov Mobile қосымшасына кіруі тиіс және «Басқа сервистер» бөліміне өтуі тиіс;

- «Тексер» батырмасын басыуы тиіс;
- тексеру сілтемесін енгізіп, «Жіберу» батырмасын басыуы тиіс;
- «Менің тексерулерім» бөлімінде өтінімінің күйін қарауы тиіс.

Сонымен қатар, «Тағы» бөлімінде пайдаланушылар қосымша ақпаратты қарай алады, сондай-ақ «Жаңалықтар», «Оқыту», «Тесттер» бөлімдеріне қол жеткізе алады.

Жаңа сервис ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік қорғаныс қызметтері комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Киберсауықтарды талдау және тергеу орталығының ынтымақтастығымен жүзеге асырылды.

ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ КУРСАНТТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛУ ҮШІН EGOV.KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ ОНЛАЙН ӨТІНІМ БЕРЕ АЛАДЫ

Әскери оқу орындарының бұрынғы курсанттары оқу орнына қайта түсу үшін үйден шықпай-ақ өтініш бере алады. Ол үшін eGov.kz порталы арқылы өтінім беру жеткілікті. Қызмет тегін көрсетіліп, кемінде бір семестр оқуды аяқтағандарға қолжетімді болады.

Бұрын қалпына келтіру процедурасы күрделі болып, жеке қатысуды талап ететін. Үміткерлер оқу орнына өтініш беріп, жеке куәлік, транскрипт, қызмет орны сипаттамасы, фотосурет, әскери куәлік көшірмесі және басқа да құжаттарды қамтитын кең пакетті жинауы керек еді.

Енді процесс жеңілдетілді: онлайн түрде өтініш беріп, қажетті құжаттардың көпшілігі мемлекеттік деректер базасынан автоматты түрде жүктеледі. Оқу орнынан шығарылғаннан кейін бір жыл ішінде ғана өтініш беруге болатынын айта кету керек. Егер бұл мерзім аяқталса, оқу орнында қалпына келтіру мүмкін болмайды.

Көрсетілетін қызметті алу үшін:
- eGov.kz порталында тіркеліп, «Азаматтарға» - «Әскери есепке алу және қауіпсіздік» - «Әскери қызмет» бөліміне өту керек;

- «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қалпына келтіру» көрсетілетін қызметін таңдап, «Қызметке онлайн тапсырыс беру» түймесін басыуы тиіс;

- оқу орнын таңдап, оқудан шығарылғаннан бері қанша уақыт өткенін көрсетіп, жеке деректерін пайдалануға келісім беруі тиіс;


- тұратын мекенжайын көрсетіп, құжаттарды қосуы тиіс;
- қолжетімді қол қою әдістерінің бірімен өтінішке қол қоюға тиіс;

- қызметтің нәтижесі пайдаланушының жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.

Өтінімді қарау мерзімі 20 жұмыс күнді құрайды. Егер оң шешім қабылданса, нәтиже пайдаланушының жеке кабинетіне электрондық форматта жіберіледі. Егер қалпына келтіру мүмкін болмаса, студент те дәлелді бас тарту хатын алады.

Жаңа көрсетілетін қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қорғаныс қызметтері комитетінің, Ұлттық ақпараттық технологиялар АҚ және ҚР Қорғаныс министрлігінің ынтымақтастығымен іске қосылды.

ЕНДІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ОҚУҒА БЕРУ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ МҮМКІН БОЛЫП ОТЫР



Енді қазақстандық әскери жоғары оқу орындарына оқуға беру eGov.kz порталы арқылы онлайн режимде мүмкін болып отыр.

Толық постутиль в военное вузы Казахстана можно онлайн через портал eGov.kz

Жүйе кіру шектеулерін (медициналық деректер, созылмалы аурулар және алынған инфекциялар) тексереді, сондай-ақ сотталғандықты тексеру сұранысын жібереді. Егер адам сотталмаған болса, жауап 10 минуттың ішінде келеді. Содан кейін ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті тарапынан арнайы тексеруден өту үшін сауалнаманы толтыру қажет.

ҚР ҰҚК тексеру үшін № 075 нысанды анықтаманы алдын ала алу және өмірбаянын дайындау ұсынылады. Көптеген деректер (мекенжай, фотосурет, туыстық мәліметтер) мемлекеттік жүйелерден автоматты түрде жүктеледі, қалғанын қолмен қосуға болады.

Өтініш беру үшін:
1. eGov.kz порталында тіркеліп, «Азаматтарға»

ҚОРҒАНШЫЛАР МЕН ҚАМҚОРШЫЛАР EGOV.KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ ӨЗДЕРІНІҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДАҒЫ АЗАМАТТАРДЫҢ МҮЛКІНЕ БІЛІК ЕТУГЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРГЕ РҰҚСАТ АЛА АЛАДЫ

eGov.kz порталында қорғаншылар мен қамқоршыларға қамқорлығындағы адамдардың мүлкіне және әлеуметтік төлемдеріне билік етуге рұқсат алуға мүмкіндік беретін жаңа көрсетілетін қызмет іске қосылды. Көрсетілетін қызмет сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған көмелетке толған азаматтардың заңды өкілдеріне арналған. Ол тегін ұсынылады және қорғаншылардың мүлкіне билік етуге ресми рұқсат алуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция арқылы электрондық өтініш беру процесі жеңілдетілді. Қажетті мәліметтер цифрландырылған болса, олар өтініш толтырылған кезде автоматты түрде жүктеледі, қателіктер қатерін азайтып, деректерді қайта енгізу қажеттілігін жоюды.

Көрсетілетін қызметті пайдалану үшін:
- eGov.kz порталында тіркеліп, «Азаматтарға»
- «Әлеуметтік қамсыздандыру» - «Отбасыларға көмек» бөліміне өтініз;

- «Мүлікке билік етуге рұқсат беру, зейнетақыны, жәрдемақыны, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі көмелетке толған адамның есебінен алынған әлеуметтік төлемдерді алу және сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкіне иеліктен шығаруға рұқсат беру» қызметін таңдап, «Көрсетілетін қызметке онлайн тапсырыс беру» түймесін басыңыз;

ELICENSE.KZ ПОРТАЛЫНДА РҰҚСАТ БЕРУ ҚҰЖАТТАРЫН АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ҚАЙТА РӘСІМДЕУ ФУНКЦИЯСЫ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ



Қызметті алу үшін тек SMS-хабарламаны күтіп, оны растау қажет. Одан кейін барлық қажетті рәсімдерді жүйе автоматты түрде жүзеге асырады. Қосымша ақпарат қажет болған жағдайда пайдаланушылар порталдың қолдау қызметіне жүгіне алады.

Автоматты түрде қайта рәсімдеу мына қызметтерге қолжетімді:
- Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу;
- Тұқым (түпнұсқалық, элиталық, бірінші, екінші және үшінші репродукциялар) өндірушілер мен өткізушілерді аттестаттау.

eGov.kz порталында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына кандидаттарға түсуге өтініш беру қызметі қолжетімді. Үдеріс толығымен электронды, оған өтініш беру және Жеке кабинеттен нәтиже алу кіреді.

- «Әскери есепке алу және қауіпсіздік» - «Әскери қызмет» бөліміне өтініз.

2. «ҚР ҚМ әскери оқу орындарына кандидаттарды қабылдау» қызметін таңдап, «Қызметке онлайн тапсырыс беру» түймесін басыңыз.

3. Қажетті деректерді толтырып, өтінішке қол қойыңыз.

4. Нәтиже Жеке кабинетте «Қызмет тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.

Ұшқыш мамандықтары үшін куәландыруға дейін 30 күннен кешіктірмей алынған медициналық қорытынды талап етіледі.

Нәтиже (оның себебін көрсете отырып қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту) Жеке кабинетке келеді. Қызмет мерзімі — 200 күнге дейін. Құжаттардың толық тізімі және егжей-тегжейлі нұсқаулық — eGov.kz сайтында.

Қызмет Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Қорғаныс министрлігінің қолдауымен әзірленді.



- қажетті өрістерді толтырыңыз;
- Тапсырма түрлерінің бірін таңдап, қажетті алаңдарды толтырыңыз;

- өтінішке қолжетімді қол қою әдістерінің бірімен қол қойыңыз.

Өтінімді қарау нәтижесінде өтініш берушінің жеке кабинетінде электрондық түрде бұйрық немесе уәжді бас тарту көрсетіледі. Шешім бес жұмыс күні ішінде беріледі.

Жаңа қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік қорғаныс қызметтері комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ынтымақтастығымен жүзеге асырылды.

Жаңартылған құжат қайта рәсімдеу процесі аяқталғаннан кейін бірден eLicense.kz порталындағы жеке кабинетте қолжетімді болады. Бұл жаңашылдық өтініш берушілерге уақыт үнемдеуге және құжаттарды қайта жинап, тапсыру қажеттілігін болдырмауға мүмкіндік береді.

Жаңа функционал ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.



Дүйсенбі, 26 мамыр	Сейсенбі, 27 мамыр	Сәрсенбі, 28 мамыр	Бейсенбі, 29 мамыр	Жұма, 30 мамыр	Сенбі, 31 мамыр	Жексенбі, 1 маусым
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ІНЖУ-МАРЖАН». 06.30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00 «TANSHOLPAN». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 10.10, 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 11.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 04.50 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10, 00.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 14.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 15.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ». 15.50, 03.50 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.20 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 02.50 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 11.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 05.10 ЕҢ ДӘМДІ. 13.10, 00.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 14.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 15.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ». 15.50, 04.10 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.50 САНА. 04.50 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 11.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 05.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10, 00.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 14.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 15.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ». 15.50, 04.10 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.50 САНА. 03.50 ҚОС ПАЛАТА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 11.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 05.15 ЕҢ ДӘМДІ. 13.10, 00.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 14.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 15.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ». 15.50, 03.50 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.50 САНА. 04.50 ЕҢБЕК АДАМЫ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ФҮТБОЛ УЕФА. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 10.10, 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 11.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10, 00.40 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 14.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 15.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ». 15.50, 04.20 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 03.35 «АШЫҚ АЛАҢ». 22.15 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 02.35 САНА. 05.20 ТЕЛЕДӨРГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ІНЖУ-МАРЖАН». 06.35 ЖӨДШЕР. 06.55 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.25 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 08.00 «TANSHOLPAN». 10.00, 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 11.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 «САҒЫНДЫРАҢ ӘНДЕР-АЛ». 12.40, 04.40 ЕҢ ДӘМДІ. 13.30, 04.15 ЕҢБЕК АДАМЫ. 14.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 15.00 Т/Х «МАҒЖАН МЕН ЖАСТАРФА СЕНЕМІН». 17.20, 02.10 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 02.30 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 21.10 «ЖҮЛДІЗДЫ ЖҮП». 22.20 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 23.45 ФУТБОЛ. 02.50 Д/Ф. 03.40 ТЕЛЕДӨРГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ІНЖУ-МАРЖАН». 06.35 М/Ф. 07.25 М/Ф «БАРБОС КУШІКТЕРІ». 08.05 «ЖҮЛДІЗ БОЛҒЫЧ КЕЛСЕ...». 09.20 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00, 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 11.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 ДАРА БАЛА. 12.40 М/Ф «ЛУКА». 14.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 15.00 «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА», Х/Ф. 16.45 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 17.25 ӘЛІ ӘЛЕМІ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 01.25 АПТА. 20.50, 02.15 АҚОРДА. 21.00 «ЖҮЛДІЗДЫ ЖҮП». 22.20 ТОҚТАР МЕН БЕЙБИТТІҢ КОНЦЕРТІ. 00.10 ЗАМАНДАСТАР. 02.30 Д/Ф. 03.20 КУМИ ҚОМБЕИ.

Дүйсенбі, 26 мамыр	Сейсенбі, 27 мамыр	Сәрсенбі, 28 мамыр	Бейсенбі, 29 мамыр	Жұма, 30 мамыр	Сенбі, 31 мамыр	Жексенбі, 1 маусым
--------------------	--------------------	--------------------	--------------------	----------------	-----------------	--------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 PRESIDENT. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30 ОЙНАҚ. 13.30 Т/Х «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «СТАЖЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗКАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 13.30 Т/Х «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «СТАЖЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 ТҮРЛІ ДӘМ. 12.30, 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 13.30 Т/Х «АРМАН ЖОЛЫНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «СТАЖЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗКАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 13.30 Т/Х «АРМАН ЖОЛЫНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «СТАЖЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 БР КІТАП. 12.00 ДӘСТҮР. 12.30 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 13.30 Т/Х «АРМАН ЖОЛЫНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «СТАЖЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 22.30 ОЙНАҚ. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТИ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 08.40 АЛАШ АҚТАНДАҚТАРЫ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ПАНДА И КНИВИ». 12.00 «КОЛОМБИНА», Х/Ф. 14.00 «XXI ҒАСЫР ҚОШБАСҚЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ ТІМЕС. 16.15 «АҚ БӨЗ УЙ», Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 19.00 КЕШ ЖАРЫҚ! 21.00 Д/Ф. 21.45 «ВТОРАЯ ЖИЗНЬ УВЕС», Х/Ф. 23.45 «САКУРА. ИЦ МАЙ ЛАЙФ», Х/Ф. 01.30 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТИ QAZYNA. 07.00 М/Ф. 08.00 «КҮНШІКТЕРІ». 09.00 КОНЦЕРТ. 10.30 М/Ф. 12.00 «СЫН РЭМБО», Х/Ф. 14.00 АЗАМАТ. 15.15 КЕШ-ЖАРЫҚ. 16.15 «СЕЛФИ С ПРЕДКАМИ», Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ ТІМЕС. 21.00 «КОЛОМБИНА», Х/Ф. 23.00 «ТЕЛОХРАНИТЕЛЬ», Х/Ф. 00.40 Д/Ф. 01.30 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 26 мамыр	Сейсенбі, 27 мамыр	Сәрсенбі, 28 мамыр	Бейсенбі, 29 мамыр	Жұма, 30 мамыр	Сенбі, 31 мамыр	Жексенбі, 1 маусым
--------------------	--------------------	--------------------	--------------------	----------------	-----------------	--------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 Т/С «Я НЕ ВЕРЮ». 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҒАЛЫҚТАР. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ФЕНИКС». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША СІТҮ.	06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ФЕНИКС». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША СІТҮ.	06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ФЕНИКС». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША СІТҮ.	06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ФЕНИКС». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША СІТҮ.	06.00, 02.30 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ», Х/Ф. 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 «СУДЬЯ-2», Х/Ф. 03.45 ТАМАША СІТҮ.	06.00, 03.00 ТАМАША СІТҮ. 07.40, 02.00 «П@УТИНА». 09.25 ҚАЙМАҚ. 10.05 Т/С «ЗАКОН ОБРАТНОГО ВОЛШЕБСТВА». 14.25 «ПЯТЬ ШАГОВ ПО ОБЛАКАМ», Х/Ф. 18.15 «ЗОЛОТАЯ РЫБКА», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАМ МЕН ЕЛ. 20.55 «МОСТАЗ. ДЕЛО №2: ПАЛАЧ», Х/Ф. 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.45 ТАМАША СІТҮ. 07.45, 01.50 «П@УТИНА». 08.40 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.50 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 09.40 «ПЯТЬ ШАГОВ ПО ОБЛАКАМ», Х/Ф. 14.00 Т/С «О ЧЕМ ОНА МОЛЧИТ». 18.10 «МОЯ УЖАСНАЯ СЕСТРА», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «МОСТАЗ. ДЕЛО №8: ПАЛАЧ». 01.00 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

- Жалпы адам баласын жақсы көріп, оның бақыты үшін күресу - ол үлкен жүректі алыптардың ісі. Ал жеке біреуді жақсы көру, сол үшін барыңды аямау - бәріміздің де қолымыздан келетін ерлік.

- Бақытты болашақтың ең басты негіздерінің бірі — бұл жалпыға бірдей жақсылық тілеу.

Илияс ЕСЕНБЕРЛИН.



КОНКУРС

БАСПАСӨЗ - 2025

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - 2025»



Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі.

Ұлттық конкурс адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) оң бейнесін насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурсқа өзін-өзі ұсыну арқылы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша отбасылар қатысады.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім аудандық (қалалық) комиссияларына 2025 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін тапсырылады.

Бірінші – аудандық (қалалық) кезең (27 маусымға дейін).

Екінші – облыстық кезең (15 шілдеге дейін).

Облыстық комиссиялардың шешімдері негізінде жеңімпаз отбасыларға «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы беріледі.

Толық ақпаратты «СҚО әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» КММ сайтынан алуға болады www.dvp.sko.gov.kz.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!

Сіздерге 2025 жылдың екінші

жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатқанын хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы - 990 теңге.

Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80.
редакция - 2-21-35.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

АУДАНДЫҚ ЕМХАНАДА БІРЫҢҒАЙ САЛЛ-ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерге аудандық емханада бірыңғай Салл-орталық ашылғаны туралы хабарлаймыз. Сіздер енді 7-99-15 нөміріне хабарласа аласыздар.

Ыңғайлы болу үшін әр түрлі қызметтер үшін келесі қосымша нөмірлер қарастырылған:

Ересектерді тіркеу бөлімі

ұялы телефон: 8-702-075-15-04, жергілікті телефон: 7-99-10, 2-81-19;

Балаларды тіркеу бөлімі

ұялы телефон: 8-775-096-30-54;

Пациенттерді қолдау қызметі (ПҚҚ)

ұялы телефон: 8-702-075-15-06, жергілікті телефон: 7-99-15, 7-99-08;

Дәріхана

ұялы телефон: 8-702-075-15-39, жергілікті телефон: 7-99-71.

Біз Сіздердің кез-келген сұрақтарыңызға жауап беруге және көмек көрсетуге әзірміз!



САҚ БОЛЫҢЫЗДАР! БҰЛ - АЛАЯҚТАР!



Bereke Bank

РОЗЫГРЫШ ДЛЯ КЛИЕНТОВ BEREKE BANK

ЕСЛИ ТЫ КЛИЕНТ BEREKE BANK ТО У ТЕБЯ ЕСТЬ ШАНС СТАТЬ ОБЛАДАТЕЛЕМ

10 000 000 ТЕНГЕ

ЕСЛИ ТЫ КЛИЕНТ - ЖМИ ПОДРОБНЕЕ

Подать заявку

Жалған сауалнамалар – деректерді ұрлауға бағытталған алғашқы қадам!

Күдікті сайттарға жеке деректеріңізді енгізбеңіз!

Сілтемелерді тексеріп, шоттарыңызды қорғаңыз!

Екі факторлы қорғаныс – алаяқтардан қорғану жолы!

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ БАСҚАРМАСЫ ЕСКЕРТЕДІ

#БІЛГЕНІҢІЗБАБЗАЛ  #ВАЖНОЗНАТЬ

<p>Директор - бас редактор Неля ГОИЧАР</p> <p>Газеттің мәміле иесі: «Газета «Весты» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев қаласы, Батыр Баши көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басқалым нөмісі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan Zhuldyzy» газеті редакцияда терілін беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Копуков к-сі, 5 үй). Тарауымы - 570</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық насихаттық тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басшылым болып табылады</p>
<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғамдастар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мөніміне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады</p>				